

Бекітемін

№58 «Өркен» балабақшасының
менгерушісі

 Мырзагулова Г.Б.
« 08 » 10 2024ж

**Астана қаласы әкімдігінің №58 «Өркен» балабақшасы МКҚК
қамқоршылық кеңесі туралы ережесі**

I. Жалпы ережелер

Қамқоршылық кеңес – бірлесіп басқарудың қоғамдық-мемлекеттік нысандарын дамыту және білім беру ұйымдары мен гуманитарлық қызметті қолдауға қосымша қаржы ресурстарын тарту мақсатында құрылатын қоғамдық бірлестік.

Қамқоршылық кеңесті құру тәртібі мен құзыреті ҚР Білім саласындағы заңнамасымен айқындалады.

Қамқоршылық кеңесті құру туралы шешімді БҰ-ның педагогикалық кеңесі қабылдайды.

Қамқоршылық кеңес өз жұмысын Жарғы және қамқоршылық кеңес туралы қағида (бұдан әрі мәтін бойынша – қағида) негізінде ұйымдастырады.

II. Қамқоршылық кеңестің мақсаттары мен міндеттері

Қамқоршылық кеңес қызметінің негізгі мақсаты білім беру ұйымына оның жарғылық функцияларын жүзеге асыруға жәрдемдесу, оқу-материалдық базаны нығайтуға, денсаулықты қорғауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарының, жекелеген азаматтардың күш-жігерін біріктіру болып табылады.

Қамқоршылық кеңестің негізгі міндеттері:

- бюджеттік және тартылған қаражаттың пайдаланылуын бақылау;
- қамқоршылық мақсаттарын іске асыру үшін ресурстарды тарту.

III. Қамқоршылық қызметтің қағидаттары

Қамқоршылық кеңестердің қызметі қағидаттарға негізделеді

- демократиялық;
- ашқашылық;
- ынтымақтастық ұзақтығы;
- қызметтің ашықтығы мен жариялылығы.

Қамқоршылыққа қатысушылардың қызметі қағидаттарға негізделеді

- еріктілік;
- қызметтің заңдылығы және барлық қатысушылардың құқықтарының теңдігі;
- көмек алушыны таңдау еркіндігі;
- жанашырлықтың, мейірімділіктің, жанкештіліктің рухани құндылықтары.

IV. Қамқоршылық кеңес қызметінің мәні

Қамқоршылық кеңесі

- білім беру ұйымын басқаруда мемлекеттік және қоғамдық бастамалардың үйлесімін қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

- білім беру ұйымының мүддесі үшін және жұмыс бағыттарына сәйкес өз қызметінің жоспарларын әзірлейді және іске асырады;

- білім беру ұйымының қызметін және дамуын қамтамасыз ету үшін бюджеттен тыс қаражатты тартуға жәрдемдеседі;

-білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайтуға және жетілдіруге, оның үй-жайлары мен аумағын абаттандыруға жәрдемдеседі;

- қамқоршылық кеңес қаражатын пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшерін және тәртібін айқындайды, сондай-ақ олардың нысаналы пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

-әлеуметтік-мәдени іс-шараларды: оқу конференцияларын, концерттерді, демалыс кештерін, көрмелерді, көрме-сатуларды, спорттық-бұқаралық және өзге де іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге жәрдемдеседі;

- БҰ педагогикалық кеңесінің қарауына оның жарғысын өзгерту және толықтыру туралы, оның ішінде БҰ ұсынатын білім беру және өзге де қызметтер тізбесі бойынша, қосымша ақылы білім беру қызметтерін көрсету бөлігінде ата-аналармен шарт талаптарының мазмұны бойынша ұсыныстар енгізеді;

V. Қамқоршылық кеңесіне мүшелік

Қамқоршылық кеңестің мүшелері осы Қағиданың талаптарын орындайтын педагогтер, білім беру ұйымдарының ата-аналары бола алады.

Қамқоршылық кеңестің құрамына мемлекеттік органдардың, әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдардың, кәсіпкерлік және ғылыми топтардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтардың өкілдері, педагог қызметкерлер, ата-аналар, білім беру ұйымының қызметін жетілдіруге және дамытуға мүдделі өзге де тұлғалар кіруі мүмкін.

VI. Қамқоршылық кеңесі мүшесінің құқығы бар

- қамқоршылық кеңестің басшылық органдарына ұсыну, сайлау және сайлану;

- қамқоршылық кеңестің жиналыстарында, отырыстарында талқылау, ұсыныстар енгізу, өз көзқарасын қорғау;

- қамқоршылық кеңестің қарамағындағы ақпаратты алуға, белгіленген тәртіппен бақылауды жүзеге асыруға;

- қамқоршылық кеңес өткізетін барлық іс-шараларға, сондай-ақ қағидаттары мен қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмейтін және білім беру ұйымы Жарғысының ережелерін орындауға кедергі келтірмейтін БҰ басқа бөлімшелерінің жұмысына қатысуға міндетті.

VII. Қамқоршылық кеңестің мүшесі міндетті

- осы Қағиданың талаптарын тану және орындау;

- осы Қағидада көзделген қамқоршылық кеңестің қызметіне қолдан келгенше қатысуға;

- қамқоршылық кеңестің шешімдерін, бұйрықтары мен өкімдерін орындау;

- БҰ қызметкерлері мен балалардың құқықтарын құрметтеу.

VIII. Ұйымдастыру құрылымы, басқару органдары

Қамқоршылық кеңестің жоғарғы басқару органы жалпы жиналыс болып табылады.

Жалпы жиналыс тоқсанына бір рет өткізіледі.

Қамқоршылық кеңес басқармасының бастамасы бойынша не оның мүшелерінің үштен бірінің талабы бойынша кезектен тыс жалпы жиналыс шақырылуы мүмкін. Егер қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2/3 бөлігі қатысса, жалпы жиналыс шешім қабылдауға құқылы.

IX. Қамқоршылық кеңестің жалпы жиналысының құзыреттері:

- қамқоршылық кеңестің басқарма мүшелерін сайлау;

- қамқоршылық кеңестің басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау;

- қамқоршылық кеңестің басқарма төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау;

- қамқоршылық кеңес қызметінің басымдықтарын айқындау және қамқоршылық кеңестің жұмысын жетілдіру немесе тарату туралы шешім қабылдау;

- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін қаржы қаражатын қалыптастыру қағидаттарын айқындау;

- қамқоршылық кеңестің қарамағындағы қаржы қаражатын және басқа да мүлікті пайдалану;

- қамқоршылық кеңес басқармасының қаржы қаражатын пайдалану туралы есебін қарау және бекіту;

- материалдық-техникалық базаны нығайту бойынша БҰ қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындау.

X. Қамқоршылық кеңестің құзыреттері:

- қамқоршылық кеңестің жалпы жиналысының шешімдерін орындауды ұйымдастыру;

- қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұсыныстары мен сын ескертпелерінің іске асырылуын бақылауды жүзеге асыру;

- қамқоршылық кеңес қаражатының түсуі мен жұмсалудың есебін жүргізу және оларды пайдалану туралы есептерді жалпы жиналыстың шешіміне сәйкес дайындау;

- БҰ жарғысында көзделген мақсаттарға қол жеткізу бойынша педагогикалық кеңес пен әкімшіліктің бірлескен күш-жігерін үйлестіру;

- БҰ-ын жаңа оқу жылына дайындау және тапсыру жөніндегі комиссияға қатысу.

XI. Төраға өз құзыретіне сәйкес

- қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырады, қызметіне басшылық жасайды, қамқоршылық кеңестің отырыстары мен жалпы жиналыстарына төрағалық етеді;

- жалпы жиналыстың, қамқоршылық кеңес отырыстарының шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

- қамқоршылық кеңеске және оның мүдделеріне қатысты барлық мәселелер бойынша мемлекеттік, қоғамдық және басқа да ұйымдармен және жеке тұлғалармен барлық қарым-қатынастарда сенімхатсыз қамқоршылық кеңесті ұсынады.

XII. Хатшы

- қамқоршылық кеңестің отырыстары мен жалпы жиналыстарын өткізуді ұйымдастырады;

- қамқоршылық кеңестің отырыстары мен жалпы жиналыстарының хаттамаларын жүргізуді және сақтауды ұйымдастырады.

XIII. Қамқоршылық кеңестің қызметін тоқтату

Қамқоршылық кеңестің қызметі тоқтатылуы мүмкін

- 1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша;

- 2) білім беру ұйымын тарату және қайта ұйымдастыру кезінде;

- 3) қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі өткеннен кейін;

- 4) қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде жүзеге асырылады.